

Жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 272 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 желтоқсанда № 7002 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Кодексінің 139-бабының 9-тармағына, "Агрономеркесіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қармақшы ауданының азamatтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 03.09.2020 № 363; 23.02.2022 № 134 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. "Жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы" Қармақшы ауданы мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 175 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4693 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 11 маусымда және аудандық "Қармақшы таңы" газетінің 2014 жылғы 25 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық мәслихатының
кезектен тыс 43-сессиясының төрағасы

А.Каржаубаев

Қармақшы аудандық
мәслихатының хатшысы

M.Наятұлы